IQAA

**НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО**
**ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В ОБРАЗОВАНИИ - IQAA**

# ОТЧЕТ
# ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ
# КАРАГАНДИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ Е.БУКЕТОВА

## АККРЕДИТАЦИЯ ПРОГРАММ

**5В011700 - Казахский язык и литература,**
**6М011700-Казахский язык и литература,**
**5В012100 - Казахский язык и литература**
**в школах с неказахским языком обучения**

**г. Нур-Султан- 2019г.**

## *САРАПШЫЛАР ТОБЫ*



**Кыяхметова Шара Асетовна**
**Эксперттік тобының жетекшісі**
Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты



**Гусейнова Иннара Алиевна**
**Халықаралық эксперт**
Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің жобалық қызмет және жастар саясаты жөніндегі проректор, филология ғылымдарының докторы, профессоры



**Капышева Гулнар Кыдырбековна Ұлттық сарапшы**
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессоры



**Ташимханова Дыбыс Сартаевна**
**Ұлттық сарапшы**
.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты



**Сыздыкова Шолпан Кабытаевна**
**Жұмыс берушілерінің өкілі**
Қарағанды қ. «Шет тілдер колледжі» жеке оқу мекемесінің ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директорының орынбасары



**Жанабаев Данияр Кунекбаевич**
**Студенттердің өкілі**
Қарағанды қ. «Болашақ» Академиясының «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 3 курс студенті

**IQAA КООРДИНАТОРЫ**

Шалабаева Айкын Жарылкасыновна

**ОҚУ ОРНЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУЫНА ЖАУАПТЫ ӨКІЛІ**

Аринова Ольга Тастанбековна

*Эксперттік тобының есебі IQAA –ның интелектуалды меншігі болып табылады. Кез-келген ақпаратты пайдалануға тек IQAA-ға сілтеме жасау арқылы жол беріледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілікке алып келеді.*

***Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы «5В011700 - Казахский язык и литература» в КарГУ имени Е.А. Букетова по каждому стандарту***

| **Стандарты** | **Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Полное соответствие** | **Значительное соответствие** | **Частичное соответствие** | **Несоответствие** |
| *Стандарт 1* Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | V | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | | V | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | V | | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | V | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | | V | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | V | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | V | | | |

Кыяхметова Шара Асетовна ____________

Гусейнова Иннара Алиевна ____________

Капышева Гулнар Кыдырбековна ____________

Ташимханова Дыбыс Сартаевна ____________

Сыздыкова Шолпан Кабытаевна ____________

Жанабаев Данияр Кунекбаевич ____________

***Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы «5В012100 - Казахский язык и литература в школах с неказахским языком обучения» в КарГУ имени Е.А. Букетова по каждому стандарту***

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Полное соответствие | Значительное соответствие | Частичное соответствие | Несоответствие |
| *Стандарт 1* Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | V | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | V | | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | | V | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | V | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | | V | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | V | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | V | | | |

Кыяхметова Шара Асетовна ______

Гусейнова Иннара Алиевна ______

Капышева Гулнар Кыдырбековна ______

Ташимханова Дыбыс Сартаевна ______

Сыздыкова Шолпан Кабытаевна ______

Жанабаев Данияр Кунекбаевич ______

***Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы «6М011700-Казахский язык и литература» в КарГУ имени Е.А. Букетова по каждому стандарту***

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Полное соответствие | Значительное соответствие | Частичное соответствие | Несоответствие |
| *Стандарт 1* Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | V | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | V | | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | V | | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | V | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | V | | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | V | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | V | | | |

Кыяхметова Шара Асетовна _______

Гусейнова Иннара Алиевна _______

Капышева Гулнар Кыдырбековна _______

Ташимханова Дыбыс Сартаевна _______

Сыздыкова Шолпан Кабытаевна _______

Жанабаев Данияр Кунекбаевич _______

## *МАЗМҰНЫ*


**1- ТАРАУ МӘНМӘТІН ЖӘНЕ САПАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ**
Кіріспе……………………………………………………………………… 8
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы…………………………………………… 9
**1-ТАРАУ САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі
Кіріспе……………………………………………………………………… 10
*Стандарт* 1
Білім беру бағдарламаларының мақсаты және сапаны қамтамасыздандыру саласындағы саясат……………………………………… 11
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару………………………………………………………………......... 14
*Стандарт* 3
Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау………… 19
*Стандарт* 4
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау ………………. 26
Стандарт 5
Профессор-оқытушылар құрамы……………………………………............. 28
*Стандарт* 6
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ………………………………..…. 34
*Стандарт* 7
Қоғамдық ақпараттандыру ....…………………………………………........... 39
**3-ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ**……………………………………………………… 41
**ҚОСЫМШАЛАР**
*1-қосымша*
Сыртқы сапар бағдарламасы……………………………………………......... 43
*2-қосымша*
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі ………………………………………… 45
*3-қосымша*
ЖОО қарастырған құжаттар тізімі.............................................................57

# *1 ТАРАУ*

# *МӘНМӘТІН ЖӘНЕ САПАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ*

***Кіріспе***

Академик Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мамандандырылған аккредиттеу рәсімі шеңберінде сараптау тобының сыртқы сапары 2019 ж. 27-28 наурыз аралығында өтті.

Сыртқы аудит БСҚТҚА әзірлеген және университет басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес өтті. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі, Мамандандырылған аккредиттеу процедурасы үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптау тобының мүшелеріне білім беру ұйымына сапар басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақытылы дайындалу мүмкіндігімен қамтамасыз етті.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасы, соңғы жылдардағы жетістіктері мен білім беру бағдарламалары және жалпы жоғары оқу орнының даму болашағымен танысуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедралардың профессор-оқытушылар құрамымен, студенттер және магистранттармен, түлектермен, университет жұмыс берушілерімен жан-жақты танысуға мүмкіндік берді және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау бойынша есеп мәліметтерінің оқу орнындағы іс жүзіндегі жай-күйіне сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі арнайы аккредиттеу стандарттарына сәйкес университет пен құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет салалары талданып, күшті және әлсіз жақтары, одан әрі даму үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер анықталған көлемді ақпаратты қамтиды.

Көзбен шолып қарау оқу, ғылыми және әдістемелік үдерістерді ұйымдастыру, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық база туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ білім алушылармен және қызметкерлермен жұмыс орындарында қарым-қатынас жасау мақсатында өткізілді. Сарапшылар кафедраларды, бөлімдер мен орталықтарды, ҚБҚО, кітапхана, медициналық кабинет және тамақтану пункттерін, спорт және жаттығу залдарын және т. б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттарын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу

мақсатында аккредиттелетін бағдарламалар бағыттары бойынша оқу сабақтарын іріктеп аралауды жүргізді.

***Жоғары оқу орнының негізгі сипаттамалары***

Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақстандағы классикалық университеттік білім беру дәстүрлері мен академиялық еркіндік қағидаларын ұстанған 80 жылдық тарихы бар ең ірі көпсалалы университеттердің бірі болып табылады. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дағы оқу үдерісі 12 факультет бойынша жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беру қызметін жүзеге асыруға құқылы 2012 жылғы 15 қазандағы № 12015198 (жарамдылық мерзімі аяқталмаған) мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады. Студенттер контингенті - 11200 студент бакалавриаттың 80 мамандығы бойынша, магистратурада -- 53 мамандық бойынша 728 магистрант, докторантурада -- 12 мамандық бойынша 167 докторант білім алады. Профессорлық-оқытушылар құрамының штаттық санын 767 адам құрайды, оның ішінде 65 ғылым докторы, 270 ғылым кандидаты, 91 PhD. Қосымша жұмыс істеушілер -- 114 адам. Жоғары оқу орны бойынша ғылыми дәрежелігі - 50%. Университеттің заманауи ғылыми және білім беру инфрақұрылымына 13 ғылыми-зерттеу институты, ғылыми-зерттеу орталықтары мен 16 ғылыми-зерттеу зертханасы кіреді.

ҚарМУ-да PhD докторы дәрежесіне диссертацияларды қорғау бойынша 9 диссертациялық кеңес жұмыс істейді: 6D010300-Педагогика және психология, 6D010200-Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі (біріккен), 6D020300-Тарих, 6D020500-Филология, 6D030100-Құқық, 6D050600-Экономика, 6D0601000-Математика, 6D060400-Физика, 6D060700-Биология, 6D011900-Шет тілі: екі шет тілі.

«Қарағанды университетінің хабаршысы» журналының үш сериясы - «Химия», «Физика» және «Математика» WebofScienceCoreCollectionClarivateAnalytics (ThomsonReuters) негізгі базасына енгізілді. ҚАРМУ-да халықаралық журналдар: «Eurasian Physical Technical Journal» және «Education and Science without borders» шығады.

ҚарМУ-да студенттік өзін-өзі басқарудың 12 жастар бірлестігі, 60 клуб, шығармашылық студиялар мен ұжымдар, 34 спорттық секция жұмыс істейді. Студенттер сарайы ішінен университеттің дарынды студенттерінен құралған «Халықтық» атағына лайық - «Сарын» фольклорлық халық аспаптар оркестрі және «Жарқын» би ансамблі құрылған.

**Заңды тұлғаның орналасқан жері:**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» жоғары білім беру мекемесі, 100028, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Университет көш. 28, тел: 8(7212), 77-03-89 факс:8(7212), 77-03-84, e-mail:office@ksu.kzwebsite: www.ksu.kz.

## *2 ТАРАУ*
## *САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП*

### *Кіріспе*

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларыныңөзін-өзі бағалау есептері төмендегі стратегиялық құжаттар негізінде дайындалған: Қазақстан Республикасының білім жөніндегі Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 04.07.2018 ж. жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 тіркелген); ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж., № 292 Қаулысы редакциялауында 23.08.2012 ж. №1080 ҚР МЖМБС мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты; Қазақстан Республикасы БжҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ҚР МЖМБС; Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелері (Қазақстан Республикасы БжҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген) (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 12.10.2018 ж. №563 жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы БжҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 29.09.2018 ж. № 521 жағдайы бойынша).

Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ мамандарды дайындауды оқытудың кредиттік технологиясына негізделген кәсіби білім берудің үш сатылы моделі (бакалавриат–магистратура–докторантура PhD) бойынша жүзеге асырады. Бұл білім беру деңгейлерінің сабақтастығын, білім беру сапасының артуын, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз етеді.

*5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы*

Енгізілген мерзімі: *1992 жыл.*

Мемлекеттік лицензияның нөмірі: №12015198 15.10.2012ж.

Есептік кезеңдегі білімалушылар саны: *201*

ҚарМУ «Мәңгілік Ел жастары-индустрияға - «Серпін» республикалық әлеуметтік жобасы бойынша 35 студент білім алуда.

*5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы*

Енгізілген мерзімі: *1997жыл.*

Мемлекеттік лицензияның нөмірі: №12015198 15.10.2012ж.

Есептік кезеңдегі білімалушылар саны: *62 (41/21)*

ҚарМУ «Мәңгілік Ел жастары-индустрияға - «Серпін» республикалық әлеуметтік жобасы бойынша 19 студент білім алуда.

Студент контингенті жайлы мәлімет 4,20 қосымшаларда берілген.

ББ (бакалавриат) меңгеру мерзімі күндізгі бөлім бойынша – 4 жыл, сырттай оқу бөлімі бойынша – қысқартылған бағдарлама негізінде техникалық, кәсіби және ортадан кейінгі білімі бар білім алушылар үшін – 3 жыл; жоғары білімі бар білім алушылар үшін – 2 жыл.

*«6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы*

Енгізілген мерзімі: *1998 жыл.*

Мемлекеттік лицензияның нөмірі: №12015198 15.10.2012ж.

Оқыту түрлері, оқыту мерзімі: *2 жыл.*

Есептік кезеңдегі білімалушылар саны: *14*

«5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, «6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын филология факультеті (декан М.И.Әбдуов, филология ғылымдарының докторы, профессор), қазақ әдебиеті кафедрасы (кафедра меңгерушісі Ж. Ж. Жарылгапов филология ғылымдарының докторы, профессор), қазақ тіл білімі кафедрасы (кафедра меңгерушісі Ш.М.Мажитаева, филология ғылымдарының докторы, профессор).

Үш бағдарламаға қызмет көрсететін штаттағы оқытушылардың жалпы саны39 адамды құрайды, оның ішінде 7 ғылым докторы, 16 ғылым кандидаты және 16 ғылым магистрі. Штаттың оқытушылармен қамтамасыз етілуі – 59 %, штаттағы оқытушылардың орташа жасы – 45 жас.

Такиров С. У. (2014), Жумагулов А. Б. (2014), Рахимов Б. С. (2016) - «Қазақстан Республикасы ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегерлері; профессор, ф.ғ. д. Смағұлов Ж. К. - Халықаралық ақпараттандыру академиясыныңмүшесі; профессор Жарылғапов Ж. Ж. - ҚР БҒМ стипендиаты, аға оқытушы Жұмагелдин Ж. Ш. - дарынды жас ғалымдарға арналған ҚР БҒМ 1 шәкіртақысының иегері.

Кафедраның жетекші ғалымдары шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен Түркия Диджле университетінің профессорларымен, ҚХР Минзу университетінің, ҚХР Іле педагогикалық институтымен, Түркия Газли институтымен келісімдер мен меморандумдарға қол қойылып, профессор Ж. К. Смағұлов ҚХР, Минзу университетінде тағылымдамадан өтті. Б. С. Рахимов Жапония, Цукуба университетінде тағылымдамадан өткен.

## *Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестікгі*

## Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

***Талдау және дәлелдемелер:***

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының мақсаттары университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады.

Шығарушы кафедраның мақсаты филология және әлеуметтік бағыттар бойынша бәсекелестікке қабілетті, білім беру, мәдени ұйымдарда және басқа салаларда кәсіби қызмет етуге дайын мәдени және әлеуметтік салаларда заманауи білім беру стандарттарына сай келетін жоғары кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтыруларымен өңделіп отырады. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. ББ бойынша сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыруға сыртқы мүдделі тараптардың, профессор - оқытушылар құрамының және студенттердің қатысуы жолға қойылған. ББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратындығы факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндеттерімен, сонымен қатар университет және кафедра миссиясымен жақсы таныс екендіктері байқалды.

Әкімшілікпен, бөлім басшыларымен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен сұхбат барысында байқалғаны, олардың білім беру бағдарламасының мақсаты мен сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатындығы.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмыстарында жүйелілік принципі басшылыққа алынатындығын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шаралар жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде үнемі сауалнама жүргізілетіндігі, оның нәтижелері және кері байланыс түрлері талданып отыратындығы да расталды.

ББ университет пен факультеттің міндеттерін, қоғамның зияткерлік, әлеуметтік сұраныстарын, оқу орнын бітірушілердің заманауи нарықтық қатынастардағы өнімді кәсіби әрекетін, олардың өз бетімен өмір сүруін анықтайтын жеке тұлғалық сипаттары мен құзыреттіліктерін есепке ала отырып жасалған.

Білім беру бағдарламасын одан әрі дамыту және жұмыс берушілердің негізгі талаптарын орындау мақсатында білім беруді іске асыруды жоспарлау және оны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды бөлу «ҚР 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына», ҚР МЖМБС-қа, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі туралы» №391 бұйрығына

және университеттің «2016-2020 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалып жатқандығы, білім беру бағдарламалары өз қызметінде Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілген «Академиялық саясатты» басшылыққа алатындығы сыртқы аудит барысында расталды.

Жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу және өзін-өзі бағалау есебімен танысу барысында Қазақстан Республикасы және Қарағанды облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындалып жатқандығы анықталды.

Білім беру бағдарламаларының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. ББ қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы ректор, проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, шығарушы кафедраның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын дәлелдейді.

Кафедрада маман даярлаудағы тәжірибе, ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға толықтай мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасы тәжірибелі, білікті, ғылыми дәрежелі кадрлармен жасақталғандығы да мамандырылған аккредитация үдесінен шығады.

Оқуға қабылдау шараларының нормативті талаптары, кәсіби бағдар жұмысының түрлері, тұтынушыларды университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы хабардар етуі, әлеуметтік қолдау механизмдері, атап айтқанда оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер, жатақханаға орналасудағы қолжетімді тарифтер, студенттерге арналған тұрмыстық кешен қызметтерін ұсынуы, тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы атқарылатындығы студенттердің контингентін қалыптастыру саясаты жолға қойылғандығын көрсетіп отыр.

Университетте академиялық адалдықты қолдау бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Жемқорлыққа қарсы тұру туралы» Заңдарына, университеттің Этика Кодексі, Жарғысына, ішкі тәртіп Ережелеріне және жалпылай қабылданған моралді-этикалық нормаларға сәйкес жасалған. ҚарМУ сайтында http://pravo.ksu.kz құқықтық порталы жұмыс істейді, оның «Сыбайлас жемқорлықты тоқтату» деген бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер қарастырылады.

ҚарМУ-дың корпоративтік мәдениеті серіктестік, академиялық еркіндік және адалдық, университеттік дәстүрлерді сақтау және нығайту принциптеріне негізделген, бұл студенттерді бәсекеге қабілеттілік, кәсіби құзыреттілік, жеке және азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студент-магистранттармен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Сыртқы аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік береді.

**Сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.**

## Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару

***Талдау және дәлелдемелер:***

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары жүйелілік, сабақтастық және бейімдеу қағидаларына негізделген.

Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, іске асыру, мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау білім беру бағдарламасын басқарудың біртұтас үдерісі ретінде жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламалары МЖМБС-қа («Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен өзгертіліп, толықтырылған), «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №90 бұйрығына, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) және кәсіби стандарт пен үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрастырылып, жүзеге асырылады.

Маман даярлаушы кафедралар жоғары білім берудегі 5В011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6М011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогын негізге ала отырып, оқудың барлық мерзіміне арнап мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасын дайындаған. *Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылу логикасы* ҚР БҒМ-нің нормативті талаптары мен университеттің ішкі ережелеріне негізделген және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын білім берудің нақты нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.

«6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ның мазмұны 3 модульді қамтиды, соның ішінде негізгі пәндердің 1 модулі (БП) және профильді пәндердің 2 модулі (ПП) «Тіл және әдебиет теориясы», «Қазіргі қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануы» тұрады. «Педагогикалық және кәсіптік практика», «Магистратураның ғылыми жұмысы» және «Қорытынды аттестация» модульдері. Осы модульдердің әрқайсысы кәсіби біліктіліктерді қалыптастыратын белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған (23,27 Қосымшалар).

ББ сапасы мен сараптамасын бағалау механизмдері оларды жүзеге асыру кезең кезеңмен жүзеге асырылады: ББ жоспарлау, оны жүзеге асыру және жетілдіру. ББ ішкі бағалау: кафедралардың, ғылыми-әдістемелік кеңестің, мамандықтардың ОӘК, факультеттің және университет деңгейінде жүргізіледі (факультет кеңесінің хаттамасы 20.02. 2017 ж, №6, 22.06.2016, №11); әдістемелік комиссия педагогикалық және кәсіби іс тәжірбие қорытындысын талқылаған (факультет кеңесі 20.02.2017 жылғы №6 хаттама), филология факультетінде магистранттар мен докторанттарды даярлау сапасы (17.06.2015 жылғы №13 факультет кеңесінің кезектен тыс хаттамасы) туралы. Университеттің жоспарлы отырыстарында ішкі сарапшылардың келесі есептері жасалған: 2016-2017 оқу жылында «Магистратура мен докторантураның ББ шеңберінде білім алушылардың кәсіптік құзыреттілігін дамыту туралы» (ҒӘК), «Ұйымдық-әдістемелік талаптар» (кафедра филиалдарының базасында тәжірибелік сабақтарды өткізу сапасы туралы 2015-2016 оқу жылында) кәсіби практиканың тиімділігін қамтамасыз ету» (ҒӘК).

Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің үлгілік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі көрсеткіштер болып саналатын пәннің және мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері, жоспардың модульдік құрылымы, элективті пәндер каталогы, ұсынылатын білім беру траекториялары, ОПҚ құрамы, материалдық техникалық база, кітапханалық-

ақпараттық мәліметтердің жаңғыртылуы бойынша ақпараттар жинау және мониторинг жүйесі қалыптасқан.

Білім берудің модульдік бағдарламасы жалпы білім беру, базалық, кәсіптік циклдар бойынша құрастырылған, мазмұны осы заманғы мамандарды оқыту жоспарына қойылатын талаптарға сәйкес деп айтуға да болады. Кафедрада жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Мамандықтың (МОӘК) және пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешендері толық және білім алушыларға қолжетімді. Студенттер силлабустар мен қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған. Пәннің оқу-әдістемелік кешендері Ирбис электрондық каталогында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған. Оқу-әдістемелік материалдардың сапасы кафедра, факультеттің және университеттің ҒӘК-де талқыланып, сапасы жетілдіріліп отырады.

Кәсіби іс-тәжірибе жоғары білім берудің міндетті компоненті болып табылады. ББ-ның (бакалавриат) оқу жұмыс жоспарында оқу, өндірістік және педагогикалық тәжірибе түрлері қарастырылған. Кафедра тәжірибеден өту туралы Қарағанды қаласындағы «Назарбаев Интеллектуалды мектебі», «Дарын» Қарағанды облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты, КГКП «Қарағанды гуманитарлық колледжі», КММ «М.Жұмабаев атындағы №39 гимназиясы», ММ «№92 гимназия», ММ «№93 гимназиясы», ММ «№66 мектеп-лицейі», КММ «С.Саттарова атындағы №57 мектеп-лицейі», КММ «Гимназия №97», КММ «№101 мектеп-лицейі», КММ «№81орта мектеп» орындарымен келісім-шартқа отырып, өзара байланыста жұмыс жасауда. Байланыс түлектерді жұмысқа орналастырумен жалғастық тапқан. Мысалы, Қырықбаева Жібек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жарылғасын Әйгерім педагог - кітапханашы болып Назарбаев интеллектуалды мектебіне жұмысқа орналасқан. 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының түлегі Мырзагулова Ақерке ММ «№66 мектеп-лицейінде» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып, практикадан кейін жұмысқа орналасқан.

«6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарында іс-тәжірибенің келесі түрлері қарастырылған: педагогикалық және зерттеу. Іс-тәжірибенің барлық түрлері үшін кафедрада іс-тәжірибе өткізу бағдарламалары бар. Кафедрада тәжірибе өтуге арналған 2 келісім-шарттар бар, олар Қарағанды гуманитарлық колледжі, Қарағанды «Болашақ» колледжі. Кәсіби дайындыққа арналған орынды ұсынатын жұмыс берушілер саны үнемі артып келеді.

Кәсіби практика жайлы ақпараттар университет сайтының «Студент-Кәсіби практика» (http://ksu.kz/?page_id=255&lang=ru) бөлімінде орналасқан.

Білім беру сапасына тұтынушылардың қанағаттануы білім беру қызметі сапасын бағалаудың негізгі критерийі болып табылады. Тұтынушы тараптардың (жұмыс берушілердің) мамандар сапасы туралы көзқарасын анықтау үшін олардың арасында «Жұмыс берушінің түлектердің дайындық сапасына қанағаттануы» сауалнамасы жүргізіліп тұрады. Бітіруші түлектің кәсіби деңгейін сараптау мақсатында жүргізілген сауалнамалардағы жұмыс берушінің «олқы тұстары» деп атап көрсеткен тұстары түзетіліп, білім беру бағдарламасын жетілдіру мақсатына қолданылған. Олардың ұсынысымен жаңа пәндер енгізілген. Сауалнамада түлектердің практикалық дағдыларын күшейту, олардың заманауи компьютерлік бағдарламаларды игеруі, шетел тілін неғұрлым жетік меңгеруіне мүмкіндік жасау және т.б. ұсыныстар жасалынды.

Бакалавриатта соңғы 5 оқу жылында «Тарихи жырлар поэтикасы», «Әлем әдебиетінің типологиясы», «Көркем шығарманы сыни тұрғыда оқыту, «Қазақ прозасының типологиясы», «Қазіргі әдеби дискурс», «Ақпараттық технологиялардағы қазақ әдебиеті», «Шетелдегі қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиеттегі рухани жаңғыру үдерісі», «Латын әліпбиі, орфографиясы мен пунктуациясы», «Қазақстанның рухани жаңғырылуы», «Аударма және практикалық кәсіпкерлік», «Мәнерлеп оқу және шешендік өнер», «Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары», «Білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар», «Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары», «Білім берудегі ІТ-технологиялар» және т.б. пәндермен жаңартылған.

*«6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының* ЭПК-на келесі элективті курстар енгізілді: Жанрлар теориясы, Ғылыми аударма негіздері, Фонологиялық мектептер, Тіл білімінің жаңа бағыттары, т.б. Дегенмен білім беру бағдарламасы құжаттарымен танысқанда және аудит кезінде мамандарды даярлау барысында ББ-н жетілдіруге және сапасын арттыруға, білімалушылар мен жұмысберушілердің талап-тілектеріне назар аудару жағы әлсіз түсіп жатқандығы байқалды.

Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген, әдістемелік бағыттағы таңдау пәндерінің аздығы бағдарлама мазмұнын жетілдіруді қажет етеді.

Білім беру бағдарламаларын ішкі сараптау барысында негізгі рөлді кафедра атқарады. Сараптау критерийлері элективті пәндердің өзектілігі, бітіру жұмыстарының тақырыптары, таңдау бойынша пәндерді оқу үшін кредит көлемінің негізділігі, пәндер мен практика бағдарламаларының жұмыс берушілермен келісілуі, практика базаларының мамандарды даярлау бағытына бейімдік сәйкестігі болып табылады. Нақты пәнді оқу бағдарламасына енгізудің мақсаттылығы білім алушылардың әлеуетті құзыреттілігі контексінде айқындалады. Кафедраның ішкі сараптамасының нәтижелері элективті пәндер каталогын жаңарту, кредиттер санын өзгерту, лекциялық және семинарлық сабақтардың арақатынасы, практика бағдарламалары мен практика базаларын айқындайды.

Есеп беру кезеңінде жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға «6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасына 100% магистранттар қатысқан, барлық магистранттар оқу сапасына қанағаттанғандығын көрсетті (13, 14-қосымша).

Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де сырттай оқу формасы бойынша мамандарды дайындау қашықтықтан оқытудың кейстік және желілік технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқытудың кейстік технологиясы мамандық және курс бойынша толықтай оқыту және әдістемелік материалдардан тұратын электронды оқу-әдістемелік кешенді – курстық кейсті қолдануға негізделген. Қашықтықтан оқытудың желілік технологиясы Интернет ауқымды желісі арқылы алыстағы қолданушыны оқыту үшін қазіргі заманғы программалық құралдар – ЭЕМ-ға арналған «Факел-2» қашықтықтан оқытуды аутоматтандырылған қолдауының» көмегімен ұйымдастырылады. ЭЕМ-ға арналған «Факел-2» программасы 2012 жылдың 19 маусымында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің №813 бұйрығымен интеллектуалды жеке меншік құқығы бойынша авторлық куәлігі алынған.

«5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», «5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», мамандығы бойынша бакалавриат түлектері университет қабырғасында жүріп-ақ ЖОО кейінгі және қосымша кәсіби ББ бойынша білімін жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейінің сапасын көтеру, оқу жоспары мен міндеттерінің орындалуын, бағдарламаның өзектілігін, студенттерді бағалаудың нәтижелілігін, бағдарлама сапасына қанағаттану сынды жетілдірудің кері байланысын анықтау мақсатында тұрақты түрде мониторинг өткізіліп, алынған мәліметтерге талдау жасалынып, жетілдіру жұмыстары атқарылып отыратындығы университет құжаттарында жинақталған.

***Ескерту:***

Элективті пәндердің жаңартылуы барысындағы жұмыстар оқыту траекториясын құруға және әдістемелік бағыттағы пәндердің сапасын арттыруға бағытталмаған.

***Жақсарту шаралары:***

Аймақтық жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес элективті пәндердің жаңартылуы оқыту траекториясын құруға және әдістемелік бағыттағы пәндердің сапасын арттыруға бағытталсын.

Теорияны практикамен ұштастыру мақсатында аймақтық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту, мамандарды мақсатты түрде даярлау мәселесіне назар аударылсын.

Сондықтан білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау және таңдау пәндерін толықтыру үшін ПОҚ, қызметкерлер мен білімгерлер, жұмыс

берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнамалар жүргізу арқылы білім беру сапасы жандандырылып отырсын ***(5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»).***

**Сәйкестік деңгейі: толық сәйкестік - *6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»*. маңызды сәйкестік - *5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті).***

## Стандарт 3. Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

***Талдау және дәлелдемелер:***

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы білім алушылардың мүдделеріне негізделген. Білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде студенттер өз бетінше *жеке оқу траекторияларын* анықтайды. Осыған байланысты әр оқу жылының аяғында келесі оқу жылына элективті пәндерді және оқытушыларды таңдау үдерісі іске асырылады. Таңдау кезінде студент үлгілік оқу жоспарына, элективті пәндер каталогына сүйенеді. Соның негізіне *студенттің жеке оқу жоспары* құрастырылады. Жеке оқу жоспарды құруға бағыт-бағдар беретін эдвайзерлер тағайындалады. Жыл сайын бірінші курстарға арналған Анықтама-жол-сілтеме жарыққа шығарылып, ол «Жастар әлемі - Мир молодежи» газетінде жарияланады. Сонымен қоса студенттің курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын және ғылыми жетекшісін таңдауға мүмкіндігі бар.

Білім алушылармен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің оқыту траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айғақталды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студенттер пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады. Бұл оқыту траекториясын дұрыс құруға негіз болады.

Студенттің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда студенттерге пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалатындығына көзіміз жетті. Студенттің жеке жоспарының үлгісі 28-Қосымшада келтірілген.

Бірінші курс студенттері үшін кафедра ПОҚ, эдвайзер, офис-тіркеуші бөлімі мен деканат қызметкерлері академиялық қолдау көрсету арқылы бағдарлау рәсімдерін өткізеді. Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық - анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін

қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ студенттерді қолдаумен қатар, бірыңғай ақпараттық қамтамасыз ету жүйесімен кафедра, факультет, Оқу-әдістемелік басқармасы, Білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімі, Ғылыми кітапхана, Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы және басқа да құрылымдық бөлімшелер тікелей айналысады.

Білім алушылармен тікелей байланыс сауалнама арқылы қамтамасыз етіледі, ол әлеуметтік сауалнама жүргізудің жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы мақсатта білім алушылардың бағдарламалардың, пәндердің сапасына, ресурстардың қолжетімділігіне қанағаттануын бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі сауалнамалар әзірленеді. Сауалнама жүргізу барысында білім алушыларға жабық және ашық сұрақтарға жауап беру, оқуды жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізу, сауалнама алаңында кез - келген түсініктеме беру ұсынылады. Сауалнамалар мен нәтижелерді өңдеу статистикасын қалыптастыратын, қанағаттанушылық үрдістерін анықтайтын және жақсарту бойынша ұсыныстарды тұжырымдайтын кәсіби социолог жүргізеді.

Білім беру бағдарламасының мақсаттарын жүйелі түрде сараптау, оларды жүзеге асыру, белгілі нәтижелерді алу білім беру бағдарламасының аясында оқыту іс-шараларының мазмұны мен нысандарын оңтайландыруға мүмкіндік туғызады. Университетте білімалушылар арасында әлеуметтік сауалнамлар жүргізіліп отырған. Сауалнама мәтіндері білімалушылардың білім беру үдерісін ұйымдастыру, емтихан сессиясы, білімдерін бағалау, шетел профессорларының қонақ дәрістерін, академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы пікірлерін және т.б анықтауға бағытталған. Сауалнама нәтижелері кафедра отырыстарында қаралып отырған. Мысалы, есеп беру кезеңінде «Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұйымдастырудың сапасы туралы студенттердің бағалауы» (2014-2015), «Студенттердің (магистранттардың) дәрістер сапасын бағалау» (2015-2016 оқу жылы), «Нәтижелер туралы» «Шетел тілін оқыту сапасына студенттердің қанағаттануы» (2016-2017 оқу жылы) және басқалары. Кафедра мен факультет деңгейінде «Студенттердің «магистранттардың) оқу сапасына қанағаттануы» деңгейінде қанағаттанушылық мәселелері қаралды (№5 хаттама 23.12.2016 жылғы, №6 хаттама 08.01.2016 бастап).

Әрбір сессиядан кейін, келесі семестр басталғанда ЖОО АЖ жүйесінде «Оқытушы студент көзімен», «Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына қанағаттанушылығы» сауалнамалары жүргізіледі. Студенттер арасында өткен әлеуметтік сауалнама нәтижесі олардың университет қабырғасында алған білімдеріне толықтай көңілдері толатынын көрсетті.

Сауалнамада білімалушылар оқу бағдарламасының сәйкестігін көрсететін оқудың сапасына қанағаттанғанын көрсеткен. Диссертациялық жұмыстың мазмұны, диссертация тақырыбының маңыздылығы, оқу сапасы, диссертацияны

дайындаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеу деңгейі, ғылыми тәжірибелерді жүргізу, диссертацияны дайындауға ғылыми жетекшілермен ынтымақтастық тиімділігі, білімдерді бағалау жүйесінің тиімділігі сияқты көрсеткіштері студенттердің бағалау сауалнамасында 100 % бағаланған (18, 19-қосымша).

Студенттердің академиялық үлгерімі, оны жетілдіру әдістері жайлы факультеттің және кафедраның отырыстарында (23.12.16 ж. №5 хаттама, 13.01.17 ж. №6 хаттама), (20.02.2015 ж. №9 хаттама, 27.12.2017ж. №5 хаттама), талдау жүргізіліп, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолданумен байланысты өзгерістер, кәсіптік бағдарларды күшейту жолдары енгізіліп отырған (16-қосымша).

ББ мақсаттарының тиімділігі, оқу жетістіктері, педагогикалық және ғылыми тәжірибелердің нәтижелері, оқыту сапасына қанағаттану дәрежесі кафедра мәжілістерінде, факультеттің Кеңесінде жоспарлы түрде қарастырылып отырған. Мысалы, филология факультетінің мәжілістерінде мынадай мәселелер қарастырылған: «Магистрлік диссертациялардың тақырыптарын бекіту», «Магистранттардың жұмыс жоспарын бекіту» (№2 хаттама 12.09.2016), «Білім алушылардың білім беру сапасына қанағаттану дәрежесі туралы» (№3 хаттама, 31.10.2017 ж.),т.сс. Қазақ әдебиеті кафедрасының мәжілістерінде магистрлік диссертациялардың тақырыптарын бекіту туралы сұрақтар (№ 02 хаттама 06.09.2017), емтихан сессияларының нәтижелері (10.01.2018 ж. № 6 хаттама, 23.05.2018 ж. №10 хаттама), т.с.с.

Студентті орталықтандырып оқыту үдерісіне аудиториялық сабақтарды қысқарту, өзіндік жұмыстардың көлемін ұлғайту және оларды басқару мен бақылау, бағалауды қажет ететін белсенді оқыту орта элементтерін талап етеді. Белсенді оқыту орта элементтерін қалыптастыруды (электронды оқулықтар, презентациялық материалдар, компьютерлік оқу жүйелері) оқытушылар жүзеге асырады. Студентті орталықтандырып оқыту оқытушылардың оқу жұмыс жоспарын дұрыс құруға, оқу әдістемелік талдаулар жүргізуге, жаңа оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауға, мамандыққа сәйкес компьютерлік қосымшаларды тиімді пайдалануға көмектеседі.

Оқу үдерісін оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің сапасын, оқу үдерісіне инновациялық әдістер енгізудің, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін жетілдірудің үздіксіз мониторингі ҚарМУ-дың Бағалау және мониторинг бөлімімен жүзеге асырылады. Оқушылардың академиялық үлгерімі, әсер етуші факторларды бағалау және оны күшейту әдісі жүйелі түрде кафедраның отырыстарында талқыланады (мысалы, 23.12.16 ж. №5хаттама, 13.01.17 ж. №6 Хаттама), Факультет Кеңесінде (мысалы, 20.02.2015 ж. №9 хаттама, 27.12.2017ж. №5 хаттама) талдау жасалынады және кәсіби бағытты күшейтуге негізделген, оқытудың заманауи әдіснамасын пайдалануымен байланысты өзгерістер енгізіледі.

Әр студенттің академиялық жетістіктерін деректер мен ақпараттарды тіркеу бөлімі мен эдвайзерлер әр сессияның соңында мәліметтер базасына

түсіріп отырады. Ол арнайы мониторингтеу мен ақпаратты басқару жүйесінің электронды базасына енгізіліп, университет сайтында жарияланады.

Білім алушылардың білімін бағалау жүйесі жалпы қабылданған объективтілік пен айқындылық қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Есептік кезеңдегі 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша оқушыларының академиялық үлгерімі айтарлықтай жоғары деңгейде. Мысалы, 2014-2015 оқу жылда сессияларды сәтті тапсыру көрсеткіші - 88,9% (орташа балл – 3,9), 2015-2016 оқу жылы - 93,4% (орташа балл – 3,76); ал 2016-2017 оқу жылы – 96,9% (орташа бал – 4); 2017-2018 оқу жылы - 90% (орташа балл – 3,52). Осылайша, үлгерімнің орташа мәні – 96,15%, орташа балл – 3,7.

Есепті жазу кезінде 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша қорытынды мемлекеттік аттестацияның 2 процедурасы ұйымдастырылып өткізілген. МЕК тапсырған және дипломдық жұмысты «жақсы» және «үздік» бағаларға қорғаған студенттердің үлесі - 100%.МАК нәтижелерінің орташа баллы: 2016-2017 оқу ж. – 4,76, 2017-2018 оқу ж. – 3,9.Дипломдық жұмыстарды қорғаудың орташа баллы: 2016-2017 оқу ж. – 3,89, 2017-2018 оқу ж. – 3,96.Үздік диплом берілген саны: 2016-2017 оқу ж. – 19, 2017-2018 оқу ж. – 10.

Университетте Жастар ісі жөніндегі комитет, Студенттік Парламент, Университеттің Студенттік Альянсы, Студенттік Омбудсмен, Жатақханадағы студенттер Кеңесі, университеттік «Жастар әлемі», «Мир молодежи» газетінің редакциясы, Этносаралық Мәдениет Орталығы құрылған. Педагогикалық және құрылыс командалары, спорттық секциялар, шығармашылық топтар, театрлық драма студиясы, эстрада студиясы, вокалды хор студиясы, белсенді клубтар, көркем сөз студиясы, сән театры, парадикалық әндер клубы, пікірталас клубы, әдеби клуб, КТК жастар лигасы және т.б. бар.

Жастар ісі жөніндегі комитет (ЖІК) студенттік басқару формасы болып табылады және оқу үдерісін басқаруда студенттердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған.ЖІК өз қызметінде ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңымен, 2013 жылғы 27 ақпандағы ҚР Үкіметінің«Мемлекеттік жастар тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР 2020 жылға дейінгі саясаты» заңнамалық актілерін негізге алады.

Жыл сайын ҚарМУ-дің ең таңдаулы үздік студенттері арасында байқау өткізілiледі, сол арқылы «Жыл студенті», «Ең зияткер жыл студенті» «Жыл таланты» «Жыл спортшысы» номинация бойынша ең үздік студенттер анықталады. Студенттердің шығармашылық әлеуетін шыңдау мақсатында жыл сайын әдеби-музыкалық кештер өткізіледі.

Есеп беру кезеңінде «5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 22 студент шығармашылық конкурстарға қатысқан екен, өкінішке орай облыстық деңгейде ғана.

«5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша есеп беру кезеңінде 16 студент облыстық деңгейдегі әр түрлі іс-шараларға (әдеби, мәдени, музыкалық, спорттық және т.б.) қатысып, диплом, грамоталармен марапатталған екен.

Университетте студенттерге әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан көмек көрсетудің барлық жағдайы жасалған. Кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік консультациялық көмек білім бағдарламасына қатысатын барлық студенттерге негізделген. Психологиялық орталық 2014 жылы құрылып, студенттерге тәжірибелі мамандар тарапынан коммуникативтік, тұлғааралық, адаптациялық мәселелер жөнінен консультациялар берумен айналысады.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік қызметі жыл сайынғы факультеттердің ҒЗЖ жоспарлары негізінде жүргізіледі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ойлар мен мәдени дамудың жаңаша жетістіктерінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады. Зерттеу жұмысының қортындысы дөңгелек үстел, конференция, ғылыми семинарларда баяндалып, басылымдарда жарияланып отырған.

Білім беру бағдарламасы студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, зерттеу әдістерімен танысуға мүмкіндік береді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру университеттің академиялық саясатына сәйкес орындалады. Әрбір студентке ғылыми жетекші тағайындалады, оның міндетіне мақалалар мен дипломдық жұмыс жазуға әдістемелік көмек көрсету кіреді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға қатысуға, ғылыми баяндамалар дайындауға, ғылыми үйірмелерде жұмыс істеуге, мақалаларды ғылыми жетекшісімен бірлесе шығару мүмкіндігі мол.

«5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша есеп беру кезеңінде 7 студент республикалық деңгейдегі конкурс, конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, диплом, грамоталармен марапатталған екен. Студенттердің жетістіктері университеттің сайтында (http://www.ksu.kz) ұсынылған.

Сыртқы аудит кезінде оқу-әдістемелік құжаттарды талдағанымызда, СҒЗЖ нәтижелері және өткізілген ашық оқу-тәрбие жұмыстарымен танысқанымызда студенттің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталғандығын көрдік.

Әрбір оқытушы, қызметкерлер және білімалушылар «Корпоративті этика Кодекстің» нормаларын ұстана отырып, корпоративті құндылықтарды, университеттің академиялық репутациясын, ішкі мәдени сапаны сақтауға өзіндік үлес қосады. «Корпоративті этика Кодексі» және «Академиялық адалдық Ережесі» оқытушыларға, қызметкерлер мен студенттерге арналған

бірыңғай талаптарды анықтайды. Аталған құжаттар университеттің сайттарында (http://pravo.ksu.kz/index.php?name=pages&option=view&id=12), (http://ksu.kz/?page_id=4007&lang=ru) көрсетілген.

Жалпы корпоративті мәдениет саясатын, академиялық адалдық атмосферасын қалыптастыру университетте түрлі механизмлер мен түрлі формалар арқылы жүзеге асады. Оларға пошта жәшіктері мен сенім телефоны, студенттердің өзін-өзі басқару органдарына талаптарын жеткізуі, ректорға, (ҚарМУ сайтында ректордың жеке блогы және жеке мәселелер бойынша қабылдауы), проректорларға, декандарға, кафедра меңгерушілеріне, бөлім басшыларына жеке шыға алуы жатады. Жыл сайынғы студенттердің арасында жүргізілетін студенттердің білім беру қызметіне қанағаттануы бойынша сауалнамалар, «Таза сеесия» дәстүрлі акциясы, ҚарМУ ректоры, з.ғ.д., профессор Е.Қ.Көбеевтің бірінші курс студенттерімен дәстүрлі кездесуі, факультет ұжымымен кездесулер өткізіледі. Сондай-ақ, университетте Қоғамдық кеңес құрылған 2015-2020 жылдарға арналған ҚарМУ-дің Жемқорлыққа қарсы стратегиясы әзірленген.

Университеттің корпоративтік желісіне барлық бөлімдердің, кафедралардың, оқу корпустардың, компьютерлік сыныптардың, электронды оқу залдарының, кітапханалардың локалдық желілері енеді.Корпоративті компьютерлік желі студенттерді ақпараттық қамтамасыз ету инфрақұрылымын құрайды. Электронды университет жүйесі (e.ksu.kz), яғни барлық оқу корпустарын корпоративтік компьютерлік желіге біріктіру студенттерге университеттің барлық электрондық базаларына және шетелдік ақпарат базаларына ену мүмкіндігін береді; оқытушылар мен студенттерге электронды ресурстарды (электронды оқулықтар, мультимедиялық көрсетілімдер, оқыту бағдарламалары) тиімді қолдануға, студенттердің алған білімдерін тексеруге (аралық және қорытынды аттестация шеңберінде компьютелік онлайн-тестілеу, студенттердің білім үлгерімін тіркейтін оқытушылардың электронды журналдары) жағдай жасайды.

Студенттердің наразылықтары мен талап-тілектерін анықтау жүйесі ұйымдастырылған. Студенттер жатақханасында, сондай-ақ барлық оқу корпустарында «Сенім поштасы» жәшіктері орналастырылған.

Білім алушыларға қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған. Оқуға қабылданушымен жасалатын келісім-шарт пен университеттің Қабылдау ережесі негізінде білім алушыларға төлемақыға байланысты әр түрлі деңгейдегі жеңілдіктер қарастырылған.

Өзін-өзі бағалау есебін оқыған кезде және сыртқы аудит барысында оқытудың икемді жолдарын ұсыну; оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану; оқытудың нәтижелерін бағалау және өзгерістер енгізу; басшылық пен оқытушы тарапынан студенттің дербестігін ынталандыру мен қолдауды қатар қамтамасыз ету; «студент – оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық талаптары бойынша жүзеге асырылатындығы белгілі болды.

Студенттердің басқару ісіне кеңінен тартылуы, студенттердің пәндерді және оқытушыларды, оқыту әдістерін таңдау еркіндігінің жоғары дәрежесі, пәндерді оқыту сапасына мониторинг жасау және бағдарлама түлектеріне оқытушылар мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылықтарын бағалаудың тиімді механизмдердің болуы, Корпоративті этика Кодексін сақтау, Мансап және еңбекпен қамтамасыз ету Орталығының болуы. академиялық кеңес беру қызметінің болуы (оқу-әдістемелік басқарма, офис-регистраторлар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен халықаралық бағдарламалар басқармасы), академиялық сапаны жақсарту мақсатында ПОҚ қызметін бағалау жүйесінің шынайылығы сынды жағымды тұстарды атап өту ләзім.

**Жағымды тәжірибелер:**

Университетте кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік консультациялық көмек білім бағдарламасына қатысатын барлық студенттерге әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан көмек көрсету мақсатында Психологиялық орталықтың (2014) құрылып, студенттерге тәжірибелі мамандар тарапынан коммуникативтік, тұлғааралық, адаптациялық мәселелер жөнінен консультациялар беріліп отырылуы.

***Ескерту:***

5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы студенттерді ғылыми-зерттеушілік қызметке белсенді қатыстыру, дайындықтың барлық деңгейлерінде ғылыми зерттеулер мен білім беру үдерісін біріктіру; ғылыми-зерттеушілік қызмет бағытында студенттер бастамаларын қолдау жүйесін жетілдіру.

***Жақсарту шаралары:***

5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының білімалушылары үшін халықаралық және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыруды жетілдіру.

Диплом жұмысы тақырыптары мен магистрлік диссертация тақырыптарын білім беру бағдарламаларының мазмұнына, әдістемелік бағытқа икемдеу қажеттілігі де туындап отыр.

**Сәйкестік деңгейі:толық сәйкестік - *6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»*маңызды сәйкестік - *5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті.***

## Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификациялау

***Талдау және дәлелдемелер***

Тұрақты түрде студенттерді қабылдауда жоспарлы түрдегі кәсіби бағдар жұмысы маңызды рөл атқарады. 2005 жылдан бастап университетте кәсіби-бағдар жұмысының жылдық жоспары мен оқушылармен кездесу кестесін дайындайтын Мансап және жұмыспен қамтамасыз ету орталығы жұмыс жасап келеді. Орталық жарнамалық өнімдерді дайындайды, «Талапкер компасы» жарнама-ақпараттық буклетті шығарады, «Жастар әлемі» газетінде тақырыптық мәселелерді жариялайды. ҚарМУ логотипімен имиджік өнім, видеоролик дайындайды. Университет сайтында (www.ksu.kz) университет жайлы 3D форматында виртуалды саяхат енгізілген, факультет сайтында ББ бойынша болашақ маманның кәсіби аясы белгіленген білім беру бағдарламасы туралы толық ақпарат енгізілген. Сонымен қатар, кеңестер беріледі, ҰБТ пәндері бойынша әлеуетті талапкерлердің байқау тестілеуі өткізіледі, тұлғаның кәсіби-маңызды қасиеттерін қалыптастыру үшін психологиялық тренингтер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беру жұмыстары ҚР БҒМ университет пунктінің ҰБТ өткізу бойынша қызметі және ҚарМУ-дың оқу-әдістемелік және ғылыми-өндірістік кешені арқылы жүргізіледі, оған қаланың және облыстың 32 мектебі кіреді.

Студенттер контингентін қалыптастыру саясаты қабылдаудың нормативтік талаптарынан, кәсіптік бағдар беру жұмысының формаларынан, университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы жұртшылықты ақпараттандырудан, әлеуметтік қолдау тетіктерінен тұрады, соның ішінде оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер, жатақханаларда тұру үшін қолжетімді тарифтер, профилакторийде емделу, студенттік тұрмыстық кешен қызметтері үлкен роль атқарады.

Талапкерлердің қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары ҚарМУ сайтында орналастырылған. Сондай-ақ болашақ студенттер үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар және ашық есік күндері өткізіледі. Университетте қажетті контингентті тарту үшін білім беру қызметтерінің нарығы зерттеледі, білім беру бағдарламасының бейіні бойынша ұйымдар мен кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасалады, университеттің жарнамалық қызметі жетілдіріледі.

Университет сайтында «Талапкер» навигациясында талапкерлерге қабылдаудың типтік ережелері, ЖОО-ға түсушілерге арналған құжаттар тізбесі, дайындық бағыттары бойынша мамандықтар тізбесі, академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы және жартылай өту балдары туралы ақпарат бар.

Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұраныска ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді. Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына

қанағаттанғандығын білдіреді. Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы дайындық бейіні бойынша жұмысқа орналасуының жоғары көрсеткіштері екенін білдіреді. Түлектердің Қарағанды қаласының «Болашақ» өзекті білім беру колледжі, Қарағанды гуманитарлық колледжі, Қарағанды қаласының «Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназия», «Жамбыл Жабаев атындағы №79 гимназия» және т. б.) жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

2017-2018 оқу жылының сауалнамасы көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан барлық жұмыс берушілер «Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназия», «Жамбыл Жабаев атындағы №79 гимназия») түлектердің алған кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін және олардың қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін жоғары бағалайды. Жұмыс берушілердің қанағаттануының орташа көрсеткіштері, сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің ұсыныстарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар ҚарМУ сайтында жарияланады (білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімінің беті).

Университетте түлектер мен жұмыс берушілермен өзара байланыс формаларында көрініс тапқан «дипломнан кейінгі сүйемелдеу» тәжірибесі бар. Факультеттің жұмыс берушілермен ынтымақтастығы жүйелі сипатқа ие: білім беру бағдарламасының мазмұнын аймақтық жұмыс берушілермен келісу; жұмыс берушілерді практикаға басшылық етуге тарту, дипломдық жұмыстар мен оқытушылардың әдістемелік әзірлемелерін рецензиялау; жұмыс берушілерді мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамына енгізу; жұмыс берушілердің мамандарды даярлау сапасына қанағаттануын бағалау; жұмыс берушілердің қатысуымен мансап күндерін өткізу. Түлектермен, жұмыс берушілермен кері байланыс механизмі жолға қойылған, кафедрада түлектерге алғыс хаттар мен пікірлер жинақталған.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар кафедрада жинақталған.

Бітірушілермен сұхбат барысында олармен білім сапасын көтеру мақсатында білім беру бағдарламасымен тұрақты байланыстың орнатылғандығын байқадық. «Дипломнан кейінгі сүйемелдеудің» (верификация кезеңі) сапасын жақсарту мақсатында бітірушілермен және жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың тиімді әдістері құжаттарды көргенде және ПОҚ-пен сұхбат кезінде айқындалды.

Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі соңғы 5 жылда талапқа сай. Түлектермен кері байланыс орнатылған. Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі жыл

сайын өсіп отырған. Мұндай нәтижеге қоғамдағы әлеуметтік сұранысқа және жұмыс беруші талаптарына сай болуы үшін түлектерге түйіндеме әзірлеуге және басқа құжаттар жүргізу бойынша шеберлік сыныптары, жұмыс берушілермен ұтымды сұхбат жүргізу үшін оқыту семинарлары, оқытушылардың белгіленген ережелер мен сапасына сай іс-тәжірибе өтуі үшін жұмыс берушілермен келіссөз жүргізу арқылы жеткен.

Аудит кезінде кәсіптік бағдар жұмысының жүйелі түрде өткізілетіндігін; педагогикалық тәжірибе өту барысында студенттердің кәсіптік бағдар бойынша жұмыс ұйымдастыратынын; жұмысқа орналасуына үміт беретін көшпелі семинарлар мен әңгіме-сұхбаттардың өткізілетіндігін; мектеп оқушыларының кафедраның тәжірибелі оқытушыларының жетекшілігімен ҒЗЖ-на тартылып, ғылыми жоба жарыстарына қатысатындықтарын; бітіруші курс студенттерінің түлектермен кездесу өткізетіндіктерін; үгіт-насихат материалдарымен Қарағанды қаласы мен аймақтағы орта мектептерді аралайтындықтарын; түлектерге ақысыз түрде жоспарлы түрде кеңес берілетіндіктерін; БАҚ-та мамандықты жарнамалау сайтында білім беру қызметтері туралы мәліметтер берілетіндігін; кәсіптік бағдар беретін буклеттердің үнемі таратылатындығын; интернет-ресурстарды тегін қолданатындықтарын; Ашық есік күндерін өткізетіндіктерін құжаттармен танысу және сұхбат барысында анықтадық.

Жазбаша жұмыстарды орындаудың дербестік дәрежесін бақылау мақсатында университетте мәтіндік құжаттарды тексеру жүйесі - «Антиплагиат» online жүйесі қолданылады. Бітіру жұмыстарын ғылыми жетекшіге тапсырудың алдында бітіруші «Антиплагиат» жүйесінде Бітіру жұмыстарын тексеру туралы өтініш толтырады. «Антиплагиат» жүйесінде авторын, атауын көрсете отырып өзін-өзі тексеру туралы есеп береді, сондай-ақ бітіруші студенттер жазбаша жұмыстарын өз бетінше тексеруді сайтта жүзеге асыра алады (http://www.antiplagiat.ru).

**Сәйкестік деңгейі- толық сәйкестік.**

## Стандарт 5 . Профессор-оқытушылар құрамы

***Талдау және дәлелдемелер:***

Профессор-оқытушылар құрамы университеттің міндеттерін жүзеге асыру және миссиясын қамтамасыз ету үшін басты ресурс болып табылады. Осыған байланысты ЖОО кадрларды іріктеуге, даярлауға және қайта даярлауға аса көңіл бөледі. Білім беру бағдарламасын іске асыру базалық білімі сәйкес және ғылыми немесе ғылыми-әдістемелік қызметпен жүйелі түрде айналысатын педагог кадрлармен қамтамасыз етілген.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді. ПОҚ құрамының түйіндемелері мен мінездемелері мамандардың практикалық

тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, оқу, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру-тәрбиелік қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметтеріне лайықтығын айқын көрсетеді. Оқытушылардың базалық білімдері жүргізетін пәндеріне сәйкес. Құжаттар көшірмесі аталған жетістіктерді айғақтайды. ПОҚ құрамы тұрақты. ББ-на қызмет көрсететін ПОҚ жайлы толық мәлімет беретін түйіндеме 5-қосымшада келтірілген.

Басшылық оқытушылар және қызметкерлермен жұмыс істеу барысында олардың кәсіби және жеке өсуі үшін жағдай жасауды басты назарда ұстайды. Бұған барлық оқытушылар үшін біліктілікті арттырудың кешенді жүйесін қалыптастыруға, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және университетте жағымды әлеуметтік ортаны дамытуға, оқытушылар мен қызметкерлердің қызметін материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін жатқызуға болады.

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу - әдістемелік, ғылыми ізденіс және кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар. Оқу-әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарлары, өткізілген отырыстардың хаттамалары кафедрада сақталған. ПОҚ -тың жарияланған ғылыми басылымдары (елде және шет елде), оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары және ПОҚ құзыреттілігіне жалпы баға беретін құжаттар (ашық сабақ, өзара сабаққа қатысу, студенттер сауалнамасы және т.б.) кафедрада жинақталған.Білім беру бағдарламасын сапамен қамтамасыз ету саясатындағы оқыту, ғылыми зерттеу және білім беру арасындағы қарым-қатынас деңгейі сақталған. Есеп беру кезеңінде қазақ әдебиеті кафедрасының ПОҚ-тың жылдық педагогикалық жүктеме көлемі орта есеппен 600 - 660 сағатты құрады.

Аудит барысында А Бейсентайдың «Жазушы зертханасын таныпбілудегі мемуарлық романның орны, Қ.Жұмаділов «Таңғажайып дүние»)» атты СӨЖ сабағына, А.Қаппасованың «Дыбыстардың үндестігі» практикалық сабағына, С.Рахымберлинаның «Қатысымдық әдіс: ерекшеліктері» дәріс сабақтарына қатыстық. Айтарымыз, басшылық тарапынан өзара сабаққа қатысу, ашық сабақтар өткізу, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету жағына баса назар аударылуы керек.

Әр оқу жылында ПОҚ-ның қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама және «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы тұрақты алынады. Оқытушылардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтер, білім берудің сапасын көтеру мақсатында жүргізілген сауалнамалар білім беру үдерісінің сапасын арттырады.

Қазақ әдебиеті және қазақ тіл білімі кафедрасының профессороқытушылар құрамы мақтау қағаздарымен және алғыс хаттармен, төсбелгімен марапатталған: профессор Смагулов Ж.Қ ( 2018 ж., ҚР БҒМ-нің алғыс хатымен және «Ыбырай Алтынсарин» медалымен 2016 ж),

Жарылғапов Ж.Ж. (2017 ж., ҚР БҒМ-нің алғыс хатымен) доцент Рүстемова Ж.А. (ҚР БҒМ-нің алғыс хатымен, 2018 ж.), Төлеубаева К.А. («Ыбырай Алтынсарин» медалімен 2018 ж) және т.б. Профессор Рахимов Б.С. 2016 ж «Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» иегері атанды.

Қазақ әдебиеті және қазақ тіл білімі кафедрасының штаты мамандықтардың бекітілген оқу жұмыс жоспарларының және профессорлық-оқытушылық құрамның оқу жүктемесін жоспарлау тәртібіне қойылатын талаптардың негізінде, сонымен қатар есептелген нормативтік оқу жүктемесінің негізінде анықталады. Қазіргі уақытта КБ базалық білімі бар, 6 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты, 6 ғылым магистрі құраммен (ПОҚ) қамтамасыз етілген. Кафедра оқытушылары арасында «Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының 6 иегері Мажитаева Ш. (2007г ., 2011 г.), Жарылгапов Ж.Ж. (2010), Смагулов Ж.К. (2013), Такиров С.У. (2014), Жумагулов А.Б. (2014), Рахимов Б.С. (2016); Халықаралық ақпаратттандыру академиясының 1 мүшесі - профессор, ф. ғ. д. Ж.Қ.Смагулов;ҚР БҒМ-нің Қазақстан Республикасының ғылым мен техниканың дамуына қосқан үлесі үшін 1 стипендиаты - профессор Ж.Ж. Жарылгапов,талантты жас ғалымдарға арналған ҚР БҒМ стипендиясының 1 иегері-аға оқытушы Ж.Ш.Жумагелдин.

Қазақ тіл білімі және қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушыларының өздерінің ғылыми тақырыбы бойынша шетелдік зерттеушілерден кеңес алу мүмкіндігі бар (профессор М.Абылхак (КНР), профессор М.Жусупов (Узбекистан) т.б.).

Халықаралық ынтымақтастық бойынша қызмет студенттердің, магистранттардың, ПОҚ және қызметкерлердің халықаралық бағдарламаларға қатысуына ықпал етуге бағытталған іс-шаралар аясында жүзеге асырылады және Interkulturelle Weiter bildungs gesellschaft e.V. (Германия, г. Дюссельдорф), сияқты ұйымдармен, Карлов университеті (Чехия, Прага қ.), Минзу (КНР, г.Пекин), Башқұрстан мемлекеттік гуманитарлық университеті (Ресей, Стерлитамак.), Әлем тілдері университеті (Өзбекстан, Ташкент қ.) және жақын және алыс шетелдердің басқа да жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік жүзеге асырылады.

Жыл сайын университетте дәріс оқу үшін шетелдік жоғары оқу орындарынан, жетекші ұйымдардан жетекші профессорлар шақырылады. 2013 жылы факультеттің студенттері мен магистранттары Словакиядан келген профессор Станислава Бенчича және профессор Ломоносова Андрющенконың мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі бойынша дәрісін тыңдады. 2014 жылы 29-30 қазан аралығында доктор PhD Михая Фрешлидің «Жаһандандыру аясындағы тіл және әдебиет» шақыру дәрістері өтті.

2016 жылы 23 қараша мен 3 желтоқсан аралығында факультеттің студенттері мен магистранттарына арналған халықаралық журналист, Мәскеу телерадиохабар академиясының вице-президенті К.Мажейканың қатысуымен дәрістер мен шеберлік сыныптары жүргізілді.

Сонымен қатар, факультетте Николае Станчудың жетекшілігімен румын тіліндегі дәрістік сабақтар жүргізіледі.

Оқу жүктемесіне оқу сабақтарын өткізу, СӨЖ бойынша кеңес беру, емтихан, аралық бақылау, дипломдық жұмыстар мен практикаға басшылық жасау кіреді. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу пәндерін бекіту туралы мәліметтер жұмыстық оқу жоспарынан алынған үзіндіде көрсетілген, онда кредиттер, семестрлер, аудиториялық және аудиториядан тыс сағаттар көрсетілген пәндердің атаулары, сондай-ақ тиісті курсты оқитын аталған кафедраның немесе өзге де кафедра жетекшілерін қол қою арқылы растайды. Оқу жүктемесі ғылыми зерттеу бағытын ескере отырып, оқытушының жеке жұмыс жоспары негізінде қалыптасады.

Есеп беру кезеңінде кафедраның профессор-оқытушылар құрамы 14 монография, 14 оқу құралы, ҚР Әділет министрлігінде тіркелетін 13 электрондық оқулық, пәндер бойынша 14 оқу-әдістемелік кешен, оқу жоспарының пәндері бойынша 29 электронды дәріс жиынтығы, 108 мультимедиялық презентация шығарды. Есепте «Факультет және кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері элективті курстар, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды дайындау, оқу құралдарын жазу, ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік кешендер шеңберінде оқу процесіне енгізіледі» деп жазылғанмен, аудит барысында ПОҚ ғылыми жетістіктерін оқу процесінде енгізу мәселесі құжаттандырылмағанын көрдік.

Оқытушылардың ғылыми-зерттеу жүктемесі ғылыми мақалаларды, монографияларды дайындауды; ғылыми-техникалық кеңестің, жас ғалымдар кеңесінің жұмысына, конференцияларға, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуды; ғылыми жобаларды әзірлеуді және іске асыруды; дипломдық жұмыстарға ғылыми басшылықты қамтиды. Есеп беру кезеңінде кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы 1 гранттық тақырыпқа, 7 ізденіс-бастамашыл ғылыми тақырыптарға қатысты; 14 монография, 663 ғылыми мақала шығарылды, оның ішінде: жоғары импакт-факторлы журналдарда: Scopus-23, РИНЦ-47, ҚР БжҒМ ККСОН басылымдарында-40; алыс және жақын шетел журналдарында-35; халықаралық конференциялар жинақтарында - 245; республикалық конференциялар мен қазақстандық журналдарда – 259, зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу туралы 13 куәлік.

Есептік кезеңде жоғары рейтингті деректер базасында 21 жұмыс (Scopus) жарияланды. Бұл жарияланымдар: PONTE. Multidisciplinary Journal of ciences & Research,(Импакт-фактор), Mediterranean Journal of Social Science (Импакт-фактор), International Journal of Applied Linguistics & English Literature (Импакт-фактор), Global Media Journal (Импакт-фактор), Man In India (Импакт-фактор),Life Science journal(Импакт-фактор),Phenomenon of Tolerance in the Information society European Journal of Science and Theology(Импакт-фактор),Life Sci Journal(Импакт-фактор), Review of European Studies(Импакт-фактор),Asian Social Science (Импакт-фактор).

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының ғылыми зерттеу нәтижелері келесі журналдарда жарияланған:Editions du JIPTO (Франция), Mediterranean Journal of Social Sciences (Италия), Review of European Studies (Великобритания), Asian Sogial Scienge (Канада), Ученый XXI века (Россия), Global Science and Innovations (Turkey. Bursa). Journal of YILI Normal University (Қытай), Social Science Edition (Қытай),

- *РИНЦ*: EuropeanResearcher, Актуальные научные исследования в современном мире.

- *БҒСБК ұсынған:*: Қарағанды университетінің хабаршысы (Филология сериясы),Павлодар мемлекеттік университетінің хабаршысы,Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы, Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы.

РИНЦ базасы бойынша Хирша индексінде: Жарылғапов Ж.Ж.- 2, Смагулов Ж.К. – 2, Рахимов Б.С. -2, Жумагулов А.Б. – 2. Бұл мәліметтер ПОҚ-тың ғылыми-әдістемелік жұмыстарының көрсеткіші жоғары екендігін көрсетеді.

Университетішілік аттестаттау кезінде оқытушыларды кешенді бағалау шарасы жүргізіледі.. Бұл шара «ҚарМУ профессор-оқытушылар құрамын аттестаттаудан өткізу туралы ережеде» сипатталған. Ғылыми кеңестің 4.11.2013 жылғы №6 хаттамасымен бекітілген (24.03.2016 ж. өзгерістермен, №10 хаттама). Аттестаттау оқытушылардың кәсіби прогресін бағалауды және олардың атқаратын лауазымдарына сәйкес келу дәрежесін көздейді. ҚарМУ профессорлық-оқытушылық құрамын аттестаттау аясында қолданылатын Механизм оқытушылардың функционалдық міндеттері мен университеттің стратегиялық міндеттері контексінде жұмыс тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Аттестаттау форматы: 1) оқытушының соңғы үш жылдағы ғылыми, оқу және әдістемелік жетістіктерін талдауды; 2) деканның, кафедра меңгерушісінің және факультеттің білім алушыларының оқытушының кәсіби деңгейі туралы пікірін бағалауды; 3) сабақтарды өткізу сапасын сараптауды қамтиды.

2017-2018 оқу жылының сауалнамасы көрсеткендей, бітіруші кафедраның барлық оқытушылары білім алушылардың оң бағаларын алды. Білім алушыларға сауалнама нәтижелері негізінде оқытушылардың қоғамдық рейтингі қалыптастырылды, олар жоғары және орта көрсеткіштері бар топтарға бөлінді. Осының нәтижесінде Жоғары студенттік рейтингте 23 оқытушы (100 %) бар. Төмен қоғамдық рейтингі бар оқытушылар жоқ. (13-қосымша). Сұралған білім алушылардың 90% - дан астамы оқытушылардың жұмысына оң баға береді. Жалпы алғанда, сауалнаманың нәтижелері білім алушылардың оқытушылардың кәсіби деңгейімен қанағаттанушылығының жоғары деңгейін, университеттегі тиімді кадрлық саясатты, оқытушылар мен білім алушылардың табысты өзара іс-қимылына ықпал ететін іскерлік психологиялық климаттың болуын куәландырады. Студенттік рейтингтің

қысқаша нұсқасы университет сайтында (<url>) орналастырылған (http://ksu.kz/?page_id=214&lang=ru)

Университетте оқытушылардың кәсіби дамуына және оларды ынталандыруға қажетті жағдайлар жасалған. Мысалы, ғылыми кітапхана оқытушыларға барлық оқу ғимараттарында кітап қорын және электрондық ресурстарды тегін пайдалану үшін бірыңғай оқырман билетін ұсынады; тапсырыс берілген кездері электронды жеткізуді жүзеге асырады; халықаралық деректер қорына тегін қол жеткізуді қамтамасыз етеді; халықаралық деректер қорын пайдалану бойынша тренингтерде оқытушыларды тегін оқытуды жүргізеді; кафедра оқытушыларының өтінімдері бойынша әдебиеттің тақырыптық көрмелерін ұйымдастырады.

Кафедраның барлық оқытушылары кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиялары жағдайында тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін БЖФ курстарынан өтті. Оқытушылардың әдістемелік деңгейін арттыруға университетте жұмыс істейтін лекторлық шеберлік мектебі ықпал етеді. Есеп беру кезеңінде кафедраның 16 оқытушысы біліктілігін арттырды (кафедраның штаттық құрамының 100%). Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының пайда болуымен факультет оқытушылары магистратурада өз біліктілігін арттыруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, факультет оқытушылары оқу семинарларына қатысып, конференцияларға, түрлі деңгейдегі оқу-ғылыми іс-шараларға қатысып, ғылыми тағылымдамаларды жүзеге асыра отырып, тренингтерде оқып, жаңа оқу курстарын енгізуге мүмкіндік береді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында, университеттің жоспар-кестесіне сәйкес, кафедра оқытушыларының 90% - ы ҚР ЖОО педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтті. ПОҚ-тың біліктілік деңгейі біліктілікті арттыру, машықтану, ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарымен айналысу бағытында үнемі жетілдіріліп отыратындығы өзін-өзі бағалау есебімен танысқанда, сыртқы аудит кезінде және профессор - оқытушы құрамымен сұхбаттасу барысында байқалды.

Университетте мемлекеттік және ағылшын тілдерінде сабақ жүргізетін оқытушылар санын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын ПОҚ үшін тілдерді меңгеруді жетілдіру және зерттеу курстары өткізіледі.3 оқытушы ҚарМУ-да тілдік курстардан өтті, 3 оқытушы шет тілдер факультетінен екінші жоғары білім алуда.

**Жағымды тәжірибелер:**

Есеп беру кезеңінде кафедраның профессор-оқытушылар құрамы 14 монография, 14 оқу құралы, ҚР Әділет министрлігінде тіркелетін 13 электрондық оқулық, пәндер бойынша 14 оқу-әдістемелік кешен, оқу

жоспарының пәндері бойынша 29 электронды дәріс жиынтығы, 108 мультимедиялық презентация шығаруы.

Осы оқу орнын таңдаған ПОҚ пен университет қызметкерлерінің балаларының оқу төлемақысына еңбек өтіліне қарай жеңілдіктер жасалынуы.

***Ескерту:***

Басшылық тарапынан өзара сабаққа қатысу, ашық сабақтар өткізу, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету жағына баса назар аударылуы керек.

***Жақсарту шаралары:***

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында жақын және алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімдер санын ұлғайту.

Мамандықтың арнайы ерекшеліктерін ескере отырып, алыс-жақын шет елдермен халықаралық ғылыми-әдістемелік байланыс орнатудың жолдары, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған мемлекеттік қаржы бөлінетін ғылыми жоба конкурстарына қатысу жоспары, студенттердің тартылуы бағытында жұмыстар атқару.

**Сәйкестік деңгейі: толық сәйкестік - 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» маңызды сәйкестік - 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»**.

## Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

***Талдау және дәлелдемелер:***

ҚарМУ кітапханасы (ғылыми кітапхана) оқу үдерісін, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын әдебиеттермен және басқа да құжаттармен, сондай-ақ түрлі кәсіби қызмет саласындағы жетістіктер туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған. ҚарМУ оқытушылары мен студенттеріне университеттің электрондық ресурстар залдары бар ғылыми кітапхана, баспа, Студенттер сарайы, жатақханалар, Студенттік тұрмыстық кешен, санаторий-профилакторий, 5 медициналық кабинет, әрбір оқу корпусындағы асханалар мен буфеттер, спорт залдары, қала сыртындағы демалыс орындары қолжетімді.

Офис-тіркеуші қызметі келесі қызмет түрлерін атқарады: білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу; академиялық топтар мен лектерді қалыптастыру; студенттердің жеке оқу жоспарларын тіркеу; Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу; барлық оқу кезеңі ішінде және барлық оқу кезеңінде білім

алушылардың игерілген несиелерін есепке алу; білім алушылардың білімін бақылау үшін курстық кейстерді және тест тапсырмаларын қалыптастыру; кредиттік технология және қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу процесін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету; академиялық ұтқырлық шеңберінде жеке жоспарлардың орындалуын есепке алу; жазғы семестрді ұйымдастыру; ақпараттық білім беру ресурстарының деректер базасын құру.Сонымен қатар, студенттер университет сайты арқылы пәндер бойынша әдістемелік материалдар, аралық бақылау нәтижелері мен академиялық рейтингі көрсетілген үлгерім электронды журналына, оқу сабақтарының кестесі мен консультациялар кестесі, оқу пәндері бойынша білімді өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сынама тестілеу бағдарламасы орналастырылған білім беру порталына, 8 толықмәтінді деректер базасына кіре алады.

Факультеттің инфрақұрылымына 415 орындықты 14 аудиториясы бар №8 оқу ғимараты, 1 кітапхана, 68 орындықты 1 оқу залы, 2 компьютерлік сынып, 1 лингафондық кабинет, 4 мультимедиялық кабинет, спорт залы кіреді. 7-кестеде білім беру процесін арнайы жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер келтірілген. Аудит барысында оқу аудиторияларының (кафедраға тиесілі) заманауи оқу жабдықтармен, компьютерлік техникамен, дәстүрлі және интерактивті тақталармен және мультимедиялық проекторлармен, стендтермен жабдықталмағанын байқадық.

Университетте ақпараттық және кітапханалық қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесі қалыптасқан, соның арқасында студенттер мен оқытушыларды қолдау, ақпараттық ресурстардың, кітапхана қорларының, арнайы кабинеттердің академиялық қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

Оқу барысында ББ студенттеріне ББ үшін қажетті компьютерлік бағдарламалармен, мультимедиалық проекторлармен және интерактивті тақтамен жабдықталған кабинеттерде аудиториялық сабақтар өткізу қамтамасыз етілген, бұл сабақ кезінде заманауи әдістемелер мен электрондық ресурстарды, оның ішінде еркін интернетті қолданады. Компьютерлік сыныптарда орнатылған компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету (мысалы, VisualStudio, Delphi 7, Mathcad, Photoshop, CorelDraw және т.б.) Оқу ғимараттарының барлық компьютерлерін корпоративтік компьютерлік желіге біріктіру электронды ресурстарды (электрондық оқулықтар, мультимедиялық көрсетілімдер, оқыту бағдарламалары) тиімді пайдалануға, білімді меңгеруді тексерудің қажетті рәсімдерін жүргізуге (аралық және қорытынды аттестаттау шеңберінде компьютерлік тестілеу; электрондық үлгерім журналына логин-пароль арқылы кіру арқылы) мүмкіндік береді.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі ережелерінің» нормаларына сәйкес кітапханадағы кітап қоры жалпы алғанда жыл сайын 3,8% - дан 4,5% - ға дейін жаңартылып отырған.

ҚарМУ кітапханасы қажетті әдебиеттерді іздестіруге мүмкіндік беретін және жеке оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың электрондық

нұсқаларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін электрондық каталогқа ие. ББ студенттері дәстүрлі (карточкалық) және электронды каталогтар кіретін ғылыми кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратын пайдалануға мүмкіндігі бар. *Электронды каталог* кітапхананың www.library.ksu.kz web-сайты арқылы on-line режимінде ақпаратты іздеу мен алудың заманауи талаптарына сәйкес келеді. 500 мыңнан астам жазбаларды қамтитын электрондық каталог университеттік және сыртқы деректер банктерінің, мысалы, e-library РҒК (Ресей ғылыми кітапханасы), ИТАР-ТАСС порталының толықмәтінді ақпаратын алуға мүмкіндік береді.

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының электронды лекциялар қоры -11 атаудан, оқу және оқу-әдістемелік материалдар 631 атаудан, 37 мультимедиялық презентациялардан тұрады.

Студенттер ғылыми электрондық деректер қорына, сондай-ақ университет сайты (www.ksu.kz) арқылы қол жеткізе алады, «Ғылыми кітапхана» бөлімі, талап етілетін базаны таңдау арқылы таңдалған ресурсқа бағыттау жүргізіледі. Олар: «Science», «ThomsonReuters» Анықтамалық-іздеу ДБ, Elsevier компаниясының ScienceDirect ScienceDirect, Elsevier компаниясының Scopus Анықтамалық-іздеу дерекқоры, Springer баспасының дерекқоры, E–library РҒК, республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (РМЭБ), «Зан», «Параграф». Кітаппен қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттардың талаптары (140 дана кітап) 1 студентке орындалады. Оқу-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз етілуі, оның ішінде электрондық тасығыштарда келтірілген контингенттің бір студентіне 254 дананы құрады; электрондық әзірлемелермен қамтамасыз етілген пәндердің үлесі-78%. Бұл мәліметтер 8-кестеде көрсетілген.

5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқу процесінде электрондық оқулықтар, мультимедиялық презентациялар, курстық кейстер, электрондық дәрістер, оқыту бағдарламалары, тестілеу бағдарламалары, оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру бағдарламалары және сабақ кестесі белсенді қолданылады. Қашықтықтан оқыту кезінде қолданылатын компьютерлік бағдарламалар жедел ақпарат алмасуды жүзеге асыруға, виртуалды сабақтар, on-line тестілеу өткізуге мүмкіндік береді. Университет оқытушылары оқытудың ақпараттық технологияларын белсенді қолданады, бұл пәндерді электрондық әзірлемелермен, мультимедиялық жабдықтармен қамтамасыз етудің жоғары көрсеткіштерін көрсетеді.

Университетте деректер базасын сатып алу, меншікті электрондық ресурстарды әзірлеу арқылы ақпараттық базаны жаңарту, жетілдіру және кеңейту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. Барлық оқу корпустарында және жатақханаларда Wi-Fi қатынау нүктелері бар.

Университеттің ресми *Web-сайты*(www.ksu.kz) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде заманауи навигациямен жабдықталған, оған университет тарихы,

миссиясы, Университеттің стратегиялық даму жоспары, Сапа саласындағы саясат, Этикалық нормалар кодексі, алқалы органдар, құрылымдық бөлімшелер мен факультеттер, оқытушылар, университеттік байқаулар, халықаралық жобалар, академиялық ұтқырлық бағдарламалары, порталдар туралы ақпарат кіреді.

